

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған «Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

Ғалым-әдіскер Ұ.Асанованың қазақ тілін оқытып-үйретудегі, тіл үйрету әдістемесін жетілдірудегі, жаңа үлгідегі оқулықтар, оқу құралдары мен әдістемелік құралдар әзірлеп, ғылыми айналымға қосудағы еңбегі алдағы уақытта да жалғасын табарына сенімдіміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, «Мұрагер», 2005. – 173
2. Дьюи Дж. Демократия и образование. Пер. с англ. – Москва, «Педагогика-Пресс», 2000. – 384 с.
3. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. Пер. с франц. и англ. – Москва, «Педагогика-Пресс», 1999. – 528 с.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 328 б.

ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ ҰСТАМЫ ЖАҚСЫ

Абдуова Б.С., ф.ғ.к., проф.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
bayan1968@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының профессоры Ұ.О.Асанованың ғылымдағы жолы, зерттеушілік қыры, түрлі басылымдарда жарияланған мақалаларының сыр-сипаты, адамдық болмысы, педагогикалық шеберлігі, білім алушыларды бағалау секілді қасиеттері баяндалады. Әдіскер ретіндегі жаңаша оқыту, тың ойлар мен тәжірибелерін бөлісу, мақала сапасы туралы көзқарастары талданады.

Кілт сөздер: мақала, зерттеу саласы, тәжірибемен бөлісу, жаңаша оқыту, әдіс-тәсілдер, өзін-өзі дамыту.

Аннотация. В данной статье рассказывается о профессоре кафедры практического казахского языка Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева У. О. Асановой, пути в науке, исследовательской стороне, характеристике статей, публикуемых в различных изданиях, педагогическом мастерстве, такие качества, как оценка знания студентов. Анализируются подходы к новому преподаванию в качестве методиста, обмен новыми мыслями и опытом, качество статей.

Ключевые слова: статья, область исследования, обмен опытом, новое учение, методы, саморазвитие.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының профессоры Ұ.О.Асанованың ұстаздық, ғалымдық, зерттеушілік, адамдық болмысы туралы тек қана жақсы пікір айтылады десек, қателеспейміз. Кез келген мықтының артында қамал болып оның сүйенері тұрады деген тұжырымға ой жүгіртсек, Ұлмекен Отарқызының да балалық шақтан басталған ізгі жолы сәулелі болған. Айтуынша, әкесі Ұлы Отан соғысы басталмай тұрғанда, мектепте мұғалім болып істеген. Кейін соғысқа аттанып, Сталинград түбіндегі шайқаста ауыр жарақат алып, елге 1-топтағы мүгедек болып оралған. Елге келгеннен кейін де жаралы тәні қанша қинаса да, шыдамдылық танытқан, шәкірт тәрбиелеумен айналысқан. Ұлмекен Отарқызы: «Бала кезімде әкемнің ерліктерін үнемі мақтаныш сезіммен айтатынмын. Тіпті, әкеме еліктеп, сол сияқты болсам деп те армандайтынмын. Қалайда әкеме ұқсаймын деген мақсатпен әкем таңдаған ұстаздық жолды мен де таңдадым. Бірақ менің бұл жетістігімді әкем марқұм көре алмай кетті» деп ағынан жарылады. Алдындағы үлкен әпкесі – Дәмегүл де қазақ тілі және әдебиетінің мұғалімі болады. Мүмкін, әкесі мен әпкесінің ұстаздық жолы жас Ұлмекенді қызықтырған болар. Өсе келе өзі де мұғалім болуды алдына мақсат етіп қояды. Бала үшін өмірдегі ең бірінші ұстаз – ата-анасы, сосын отбасы мүшелері десек, Ұлмекен Отарқызы үшін ұлы ұстаз анасы болыпты. Себебі адам болып қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан асыл жаннан апайымыз мейірімділік, ізгілік, қайырымдылық, сүйіспеншілік, сыйластық, сабырлылық, бауырмалдық сияқты адамгершіліктің барлық құнды қасиеттерін бойына сіңіріп өседі. Орта мектепті жақсы аяқтап, жоғары оқу орнына түскенде де талай шәкірттің білім шамын жаққан нағыз оқытушылардан білім алады. Әуелбек Қоңыратбеу, Нұрлыбек Жүнісов, Айнаш Шамшатова, Әли Байжолов, Нұртай Нұржанов, Молдаш Достанов, Темірхан Тебегенов, Бағдат Кәрібозов, Ұлжан Жанбершиева сияқты ұстаздардың оқыған дәрістері, олардың үйреткен тәлім-тәрбиесі, берген білімі өлшеусіз болған екен. Ұлмекен Отарқызы: «Егер де біздің бойымызда ұстаз атына лайықты кішкене де болса бір қасиеттер болса, онда оның бәрі жоғарыда аты аталған ұстаздарымның еңбегінің арқасы дер едім» деп сүйіспеншілікпен еске алады.

Ұлмекен Отарқызының ғылымның даңғыл жолына қадам басуына үлкен ықпал еткен жан педагогика ғылымдарының докторы, профессор Сақыпжамал Асқарқызы Ұзақбаева болған екен. Ғылыми жетекшінің бағыттауымен 1994 жылы кандидаттық диссертациясын өте жақсы қорғайды. Бұдан бөлек тілдерді оқыту әдістемесі бойынша бағыт-бағдар берген, бірге ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, бірнеше оқу-әдістемелік кешендерді бірлікте жазуға атсалысып жүрген педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қадашева Қарлығаш апайымыздың да орны ерекше екендігін мақтанышпен айтады. Ұ.О.Асанова ғылым жолында бұл кісілерден еңбекқорлық, ізденімпаздық, кез келген істі жауапкершілікпен орындау секілді қасиеттерді бойына сіңіреді.

Ғылым жолы – ұзақ әрі күрделі жол екені белгілі. Оның жемісін көру көп уақытты талап етуі мүмкін. Сондықтан да ширек ғасырдан астам кезеңде асқан

шыдамдылықты қажет ететін ғылым жолында ұрпақ тәрбиесіне қатысты, олардың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыру мақсатында Ұлмекен апайымыз бірталай еңбектер жазды. Білім мен тәрбие – егіз ұғым. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзатқа жасалған қиянат» деп ұлы философ әл-Фараби бабамыз бекер айтпаған. Ұстаздың басты мақсаты – жас ұрпақты оқыта отырып, тәрбиелеу. Сондықтан да Ұ.О.Асанованың жазған мақалалары, негізінен, білім беру және тәрбиелеуге арналған. Атап айтсақ, өзгетілді аудиториядағы білім алушыларға қазақ тілін үйрету жолдары, әдістері мен әдістемесіне арналады. Сондай-ақ жас ұрпақты халықтық педагогика дәстүрлерінің негізінде тәрбиелеуге арналған мақалалары мен оқу, оқу-әдістемелік құралдары да көп. Жалпы 100-ден астам ғылыми мақалалары шетелдік басылымдарда, РИНЦ журналдарында, сондай-ақ отандық ККСОН журналдарында, халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарық көрген. SCOPUS деректер базасымен индекстелетін рецензияланған шетелдік ғылыми басылымдарда 3 мақаласы жарияланған. Хирш индексі – 1. Бұлар ауыз толтырып айтуға тұрарлық жетістік дер едік.

Шетелдік басылымдардағы мақалалары негізінен туыс тілдерді оқыту әдістемесіне, сондай-ақ ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан түркі халықтарының рухани мұраларын жас ұрпақ тәрбиесінде пайдалану мәселесіне бағытталған. Себебі түркі халқы ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбиенің жақсы үлгілерін (адамгершілік-имандылық қасиет, елін, жерін, Отанын сүю, қоршаған ортаны қорғау, еңбекке баулу және т.б.) ұрпағының санасына өзінің фольклорлық шығармалары арқылы сіңіруді көздеген. Ал оны жас ұрпаққа жеткізе білу – біздің борышымыз деп түсінген Ұлмекен Отарқызы осы бағытта әлі күнге тынымсыз еңбек етіп, баспа беттерінде үздіксіз мақала жариялап келеді.

Ғылыми жоба аясында шетелдерге тәжірибе алмасуға және тілдерді оқыту мәселесі бойынша барған апайымыз ол жақтың озық әдістемелеріне сүйсінеді. Түркияның Анкара, Стамбұл қалаларына, Германияның Дюссельдорф, Берлин қалаларына іссапармен барғандары есінен кетпейді. Олардағы ЖОО-да тіл үйрету орталықтарында тілді үйрету, оқыту сабақтары міндетті түрде білім алушының деңгейіне сәйкес жүргізіледі екен. Яғни, әлемдік стандартқа сәйкес A1, A2, B1, B2, C1, C2 деңгейлері бойынша. Бұлай оқытудың тиімділігі: аудиторияда отырған білім алушылардың тілді білу деңгейлері бірдей, сондықтан оларға сол деңгейде ғана сабақ жүргізіп, тіл үйрету қиынға соқпайды және білім алушыларды бағалағанда да тепе-теңдік сақталады. Екіншіден, студент санының 10-12 студенттен артпауы. Студент санының аздығы тілді тез үйреніп-меңгеруге мол мүмкіндік беретіні рас. Дегенмен тәжірибелі апайымыз біздің елдегі оқыту жүйесіне де бейімделіп, топтағы жиырма студентке барынша сапалы білім, зерделі тәрбие беріп келеді. Ұлмекен Отарқызының қай мақаласын алмасақ та, оларда тың тәсілдер, заманауи әдістер, маңызды ойлар жинақталады. «Студенттердің қазақ тілінде қаншалықты мазмұнды, тартымды сөйлей алатындығын анықтаудың бір тәсілі ретінде бейнефильмдерді көру және талқылау болуы шарт. Тиісті

мазмұндағы бейнефильмдерді тек қана қосымша материалдар ретінде емес, сабақтардың және тренингтердің кез-келген түріне оның тақырыбы мен мазмұнына сәйкес пайдалануға болады. Фильмді көрсетер алдында студенттердің алдына бірнеше (3-5) шешуші сұрақтар қою керек. Бұл келесі талқылауға салудың негізі болады. Алдын ала таңдалып алынған кадрлармен фильмді тоқтатып, пікірсайыс өткізуге болады. Соңында студенттермен бірігіп міндетті түрде жиынтығын шығару және қорытындысын жариялау керек» деп жазады [1].

Студенттердің білімін бағалауда білімгерлердің өздеріне мүмкіндік беру арқылы оқу процесін тиімді ету оқытушының жұмысын жеңілдетері анық. **Өзін-өзі бағалау** – өз әрекеттері мен дамуына баға беру, оларды сыни көзқарас тұрғысынан талдау қабілеті, өз тәжірибесін кәсіби қызметпен байланыстыру әрекеттері студентте рефлексия дағдысы қалыптасқандығын көрсетеді. «Өзін-өзі бағалау және құрбыларын бағалау студенттерге ойлайтын және оқитын тұлға ретінде өзінің білімін дамытуға, ағымдағы тапсырмаларды түсінуге, оқыту үдерісін жақсартудың жолдарын сезінуге және жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау жұмысын кестелер арқылы жүзеге асыру тиімді тәсіл болмақ. Мысалы: студенттің өзін-өзі бағалау кестесі, өзінің пікірталасқа қатысуын бағалау кестесі, топтық жұмыстарды бағалау кестесі, «ойды қорытындылау» тәсілін бағалау кестесі және топ жұмысын бағалау кестесін құру.

Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау нақты критерийлерді қажет етеді. Олар: *не тексерілуге тиіс екенін түсіну; студенттерге өзінің жұмыстарын қайта қарауға мүмкіндік беру; студенттерге өздерінің жеке мақсаттарын анықтауға және өз жұмыстарын жақсарту үшін не істеу керектігін анықтауға көмектесу үшін керек*» [2] деп талдайды тағы бір мақаласында.

«Студенттердің білімін тесеруде Kahoot қосымшасын пайдаланудың тиімділігі» [3] деген мақаласы ерекше. Онда апайымыз бұл қызметті пайдалану – студенттермен кері байланыс орнатудың тиімді тәсілі екендігіне тоқталады.



Өзіміз бірнеше рет апайымыздың сабағына қатысқанда ең ұтымды көрінген тәсілдерінің бірі «**Оңай және қиын сұрақтар кестесі**» деп аталатын әдістемесі болатын. Бұл кестені студенттер қандай да болмасын мәселе бойынша өз пікірін келтіру үшін немесе жаңа ақпаратпен танысқанда (мәселен, мәтін мазмұны) толтыра алады (алдымен жеке, содан кейін жұппен, шағын топ ішінде немесе бүкіл аудиториямен). Кестенің сол жағына олар өз түсініктері бойынша оңай, ал оң жағына қиын сұрақтарды келтіреді. Осы тәсіл жөнінде Ұлмекен Отарқызының өзі: «Бұл жерде оқытушының студенттермен бірге алдын ала бұл сұрақтардың бір-бірінен айырмашылығын анықтап алғаны орынды. Мәселен, оңай сұрақтар дегеніміз мәтінде жауабы бар сауалдар, ал қиын сұрақтардың жауабы мәтінде жоқ, оларға тек өзіндік тұрғыдан ғана жауап беруге болады: студент мұнда өз ойын, пікірін келтіреді. Оңай сұрақтарға бір жақты жауап беруге де болады («иә»/ «жоқ»), ал қиын сұрақтарға жан-жақты жауап беру керек» дейді. Шындығында оқытушы қойған дайын сұраққа жауап беруге көп студенттің мүмкіндігі бар, ал өздері сұрақ құрастырғанда айтарлықтай ойланып, бірін-бірі қайталамауға тырысып, ойын жүйелеп, едәуір танымын кеңейтеді. Бұдан өзге тағы бір қызықты тәсілі сөзжарыс ойыны дер едік.

Интерактивті әдістің кең тараған түрі – **пікірталас** (дебат) әдісі. Бұл әдіс оқытушы мен студент арасындағы тығыз қарым-қатынасты қалыптастырады. Студенттің белсенді жұмыс жасауына мүмкіндік береді. «Пікірталасқа дайындықты бірнеше күн бұрын бастаған жөн. Студенттер оқытушы ұсынған тақырып бойынша төмендегідей әрекеттерді жүзеге асырады:

1. Пікірталас тақырыбы белгіленгеннен кейін, өз көзқарастары бойынша студенттер қарама-қарсы позиция ұстанатын екі топқа бөлінеді.

2. Топ мүшелері өзара ақылдасып, өз командаларының капитанын сайлайды, жұмыс жоспарын айқындайды.

3. Әрбір топ өз көзқарастары бойынша негізгі пікірлерді айқындайтын қысқаша тезистер дайындайды, оны қарсы топқа таныстырады.

4. Студенттер пікірталасқа жекелей дайындалады: ақпарат көздерімен жұмыс істейді, оқытушы ұсынған сұрақтарға жауап іздейді, дәлелдер жинақтайды.

5. Студенттер топ мүшелерімен ақылдаса отырып, өз позицияларын айқындайды.

6. Топ мүшелері ұстанған пікірлері бойынша жинақтаған білімдерін қайта пысықтайды» [4] деп қорытады Ұлмекен Отарқызы.

Қазақ тілін оқытуда үлкен нәтижелерге қол жеткізу үшін олардың өздерін жағдаяттарды талқылау және пікірді жинақтау тәсілдеріне жетелеу керек. Оқытушы сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде болады. Шешім табылған кезде студент өз еңбегінің дұрыс, бұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйренеді. Сондай-ақ білім алушыға өз ойын білдіріп, пікір айтуға мүмкіндік береді. Осындай ұстанымы бар апайымызды барлық білім алушылары қатты сыйлайды, бағалайды, ұстаздық келбетіне қоса адамдық болмысына бас иеді.

Мұғалімнің барлығы да «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы керек қой. Бұл мамандықтың ерекшелігінің өзі осында емес пе?! Көп мұғалімнің бойында актерлық және ақындық қабілеттері болатыны белгілі. Сабақ барысында осындай шығармашылық қабілеттерін Ұлмекен апайымыз ретімен қолданатынына өзіміз де бірнеше рет куә болғанбыз. Мүмкін оның бір сыры апайымыздың жас кезінде домбырамен ән айтуды жанындай жақсы көргендігінен болар, бәлкім? Университетте студенттер айтысына қатысып «ақын қыз» атанғаны, кейін мектепте мұғалім болып жұмыс істеп жүргенде де аудандық, облыстық, республикалық айтыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болғаны шығармашыл болмысын қалыптастырғаны айдан анық. Қазір де қолы қалт еткенде өлең жазатын және көңілінде жүрген ішкі жан дүниесін шертетін әңгімелер де жазып қоятын әдеті ұстаздығына қоса табиғи дарынан паш етеді. Біздің қолымызға қалам алып, апайымыз туралы ізгі ойымызды жазуға түрткі болған осы жағдайлардың бәрі де Ұ.О.Асанованың мерейлі 60 жасына сара жолмен, зор абыроймен жеткеніне тағы бір дәлел бола алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Асанова Ұ.О. Қазақ тілін оқытуда аудиовизуалды материалдарды пайдаланудың тиімділігі // Педагогическая наука и практика. № 2(32). 2021.- Б. 43-48. ISSN 2312-8399

2. Асанова Ұ.О. Бағалау – білім сапасын басқарудағы негізгі өлшем Совершенствование методики обучения языкам: площадка обмена прогрессивной практикой // материалы III Международного научно-методического онлайн-семинара (Казань – Астана – Измир, 20 февраля 2019 г.) -Б. – 10-17. Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2019.

3. Асанова Ұ.О. Студенттердің білімін тексеруде Kahoot қосымшасын пайдаланудың тиімділігі //Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал: Қазақстанның ғылымы мен өмірі. –Алматы 2019. - № 7/1

4. Асанова Ұ.О. Интерактивті технология – білім сапасын арттырудың тиімді жолы //«Филологиядағы фундаменталь зерттеулер және оқытудың инновациялық мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн және офлайн конф.материалдары. Нөкіс: НМПИ баспасы, 2022. -Б. -4-7

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ Ұ.О АСАНОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Әділбек А., ф.ғ.к., доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

amangul_a69@mail.ru

Аннотация. Мақалада п.ғ.к., профессор Ұ.О.Асанованың басылып шыққан оқулықтары мен оқу құралдарының әдістемелік құрылымы және оларда қолданылған тілдік материалдар негізінде қазақ тілін екінші тіл ретінде